


Корпоративтік басқару құрылымы



I. Акционерлердің жалпы жиналысы

Акционерлердің жалпы жиналысы – жоғары орган. Акционерлердің жалпы жиналысының құзыреті "Акционерлік қоғамдар туралы" Қазақстан Республикасының заңында және Биржаның [Жарғысында](#) белгіленген.

KASE акционерлерінің мынадай құқықтары бар:

- 1) акционерлердің жалпы жиналыстарына қатысу арқылы KASE-ні басқаруға қатысу;
- 2) дербес немесе басқа акционерлермен бірге KASE дауыс беретін акцияларының бес және одан көп пайызын иеленген кезде Директорлар кеңесіне KASE акционерлерінің жалпы жиналысының күн тәртібіне қосымша мәселелерді енгізуді ұсыну;
- 3) "Акционерлік қоғамдар туралы" Қазақстан Республикасының Заңына және KASE-нің [Дивидендік саясатына](#) сәйкес дивиденд алу;
- 4) KASE қызметі туралы ақпарат алу, оның ішінде KASE Жарғысында анықталған тәртіппен KASE-нің қаржылық есептілігімен танысу;
- 5) орталық депозитарийден немесе номиналды ұстаушыдан оның KASE жай акцияларына меншік құқығын растайтын үзінді көшірме алу;
- 6) KASE акционерлерінің жалпы жиналысына KASE Директорлар кеңесіне сайлау үшін кандидатуралар ұсыну;
- 7) KASE органдары қабылдаған шешімдерге сот тәртібімен дау айту;
- 8) KASE дауыс беретін акцияларының бес және одан көп пайызын дербес немесе басқа акционерлермен жиынтықта иеленген кезде, "Акционерлік қоғамдар туралы" Қазақстан Республикасының заңында көзделген жағдайларда KASE лауазымды адамдарының KASE-ге келтірген залалын өтеуі және KASE лауазымды тұлғалары және (немесе) олардың үлестес тұлғалары ірі мәміле және (немесе) жасалуына мүдделілік бар мәміле жасасу туралы шешім қабылдау (жасасуға ұсыну) нәтижесінде алған пайдасын (кірісін) KASE-ге қайтаруы туралы талаппен өз атынан сот органдарына жүгіну;
- 9) KASE-ге оның қызметі туралы жазбаша сұрау салу және KASE-ге сұрау салу келіп түскен күннен бастап күнтізбелік отыз күн ішінде дәлелді жауап алу;
- 10) және "Акционерлік қоғамдар туралы" Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес өзге де құқықтар.

Акционерлердің дивиденд алу құқығы KASE тобының пайдасына қатысу арқылы іске асырылады. KASE тобы деп KASE және оның еншілес ұйымы – "KASE клиринг орталығы" АҚ түсініледі, оның қаржылық есептілігі Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес KASE қаржылық есептілігімен

шоғырландырылуға тиіс. KASE акциялары бойынша дивиденд төлеу мәселелеріне негізгі көзқарастар, сондай-ақ KASE-нің дивиденд төлеуінің шарттары мен тәртібі KASE-нің Дивидендтік саясатында белгіленген.

Ақпарат алу құқығы KASE акционерлерінің KASE қызметі туралы ақпарат алуы, сондай-ақ Қазақстан Республикасының заңнамасына және KASE интернет-ресурсында орналастырылған KASE [Ақпараттық саясатына](#) сәйкес KASE құжаттарына рұқсаттама алу арқылы іске асырылады.

KASE интернет-ресурсында KASE [акционерлерінің құрылымы](#) туралы ақпаратты, акционерлерге арналған ақпаратты, акционерлерге арналған хабарламаларды қамтитын "Биржа акционерлеріне" бөлімі құрылды, сонымен қатар мұнда KASE-нің барлық корпоративтік оқиғасы, акционерлердің жалпы жиналыстарын өткізу туралы ақпаратты, акционерлердің жалпы жиналысының қабылданған шешімдерін қоса алғанда, [қаржылық есептілік](#), [жылдық және тоқсандық есептер](#) жарияланады.

Акционерлік капиталдың құрылымы

Биржаның акционерлік капиталының құрылымы Биржаның сайтында көрсетілген.

Биржаның жарғылық капиталы 4 189 030 500,81 теңгені құрайды және 1 075 231 жай акцияға бөлінген.

Биржа артықшылықты акциялар шығарған жоқ.

Шығарылымның мемлекеттік тіркеу нөмірі: 20.12.2012 жылғы № А1003.

ISIN коды KZ1C10030019. Биржа акционерлерінің тізілімін жүргізуді "Бағалы қағаздар орталық депозитарий" АҚ жүзеге асырады.

II. Директорлар кеңесі

Дербес құрамы

Директорлар кеңесі Биржаның қызметіне жалпы басшылық етеді, атап айтқанда Биржаны стратегиялық басқаруды жүзеге асырады, тәуекелді басқару және ішкі бақылау жүйесін ұйымдастырудың негізгі қағидаттары мен тәсілдерін айқындайды, Биржаның атқарушы органдарының қызметін бақылайды, сондай-ақ өзге де түйінді функцияларды іске асырады.

Директорлар кеңесі Акционерлердің жалпы жиналысына есеп береді, Директорлар кеңесінің мүшелерін Акционерлердің жалпы жиналысы сайлайды, бұл ретте Директорлар кеңесінің бір мүшесінің немесе бүкіл құрамның өкілеттігі Акционерлердің жалпы жиналысының шешімімен тоқтатылуы мүмкін. Биржаның Директорлар кеңесінің айрықша құзыреті заңнамада және Жарғыда айқындалған және Биржаның ағымдағы қызметіне басшылықты жүзеге асыратын Биржаның басқа органдарының құзыретімен шектелген.

Биржаның Директорлар кеңесінің мүшелері өз функцияларын тиімді жүзеге асыру үшін қажетті кәсіби білімге, дағдыларға және тәжірибеге ие, сондай-ақ "Бағалы қағаздар нарығы туралы" Қазақстан Республикасының Заңында белгіленген іскерлік беделге қойылатын талаптарға сәйкес келеді.

Биржаның Директорлар кеңесінің құрамына қабылданатын шешімдердің тәуелсіздігі мен объективтілігін қамтамасыз ететін тәуелсіз директорлардың оңтайлы саны кіреді. Директорлар кеңесінің 11 мүшесінің 5-еуі – тәуелсіз директорлар.

Директорлар кеңесінің төрағасы және ол болмаған жағдайда Директорлар кеңесінің төрағасын алмастыруға құқығы бар тұлғалар Директорлар кеңесі мүшелерінің жалпы санының көпшілік даусымен ашық дауыс беру арқылы сайланады.

Директорлар кеңесінің құрамы, оның мүшелерінің қысқаша өмірбаяндық деректері [Биржаның интернет-сайтында](#) жарияланған.

III. Директорлар кеңесінің мүшелеріне сыйақы беру жүйесі

"Акционерлік қоғамдар туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 36-бабы 1-тармағының 5) тармақшасына және "Қазақстан қор биржасы" АҚ Жарғысының 15-бабы 2-тармағының 8) тармақшасына сәйкес Директорлар кеңесінің мүшелеріне төленетін сыйақы мөлшері мен шарттарын анықтау мәселесі Биржа акционерлерінің жалпы жиналысының айрықша құзыретіне жатады.

Директорлар кеңесі туралы қағидаға сәйкес Директорлар кеңесі мүшесінің ай сайынғы сыйақысының мөлшері осы сомадан Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген салықты және міндетті аударымдарды ұстай отырып, ұлттық валютамен (теңгемен) белгіленеді. Егер Биржа акционерлерінің жалпы жиналысы өзгеше шешім қабылдаса, Директорлар кеңесі мүшелерінің ай

сайынғы сыйақысының белгіленген мөлшері Директорлар кеңесі өкілеттігінің бүкіл мерзіміне белгіленеді.

Қазақстан Республикасы мемлекеттік органдарының өкілдері болып табылатын немесе Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес сыйақы ала алмайтын тұлғалар болып табылатын Директорлар кеңесінің мүшелеріне сыйақы белгіленбейді және төленбейді.

Акционерлердің жалпы жиналысы Директорлар кеңесі мүшесінің ай сайынғы сыйақысының мөлшерін белгілеген кезде Директорлар кеңесі туралы қағиданы, Директорлар кеңесінің ұсынымын басшылыққа алады, сондай-ақ Директорлар кеңесінің мүшелеріне сыйақы беру шарттарының бәсекеге қабілеттілігін қамтамасыз ету, олардың уәждемесін арттыру және кәсіби кадрларды ұстау, жауапкершілік көлемін ұлғайту және Биржаның стратегиялық міндеттерін табысты орындау мақсатында Биржаның қызмет аясын кеңейтуді көздейді.

Көрсетілген Директорлар кеңесі туралы қағиданың негізінде:

- Биржа қызметінің есепті қаржы жылындағы нәтижелері қаралғаннан кейін Биржа акционерлерінің жалпы жиналысы Директорлар кеңесінің мүшелеріне жылдық сыйлықақы төлеу туралы шешім қабылдай алады, оның мөлшерін анықтай алады және бұл сыйақыны Директорлар кеңесінің мүшелері арасында бөле алады;
- бұл ретте Директорлар кеңесінің кез келген мүшесінің жылдық сыйлықақы сыйақысының мөлшері сыйлықақы беру жүзеге асырылатын жылдың барлық айы үшін Директорлар кеңесінің осы мүшесіне төленген ай сайынғы сыйақының жалпы сомасының 85%-нан аспауға тиіс;
- Директорлар кеңесі өз шешімімен Директорлар кеңесінің мүшелері арасында жылдық сыйлықақы сыйақысын бөлу жөнінде Биржа акционерлерінің жалпы жиналысына ұсыным беруге құқылы;
- есепті қаржы жылында Директорлар кеңесі отырыстарының, Директорлар кеңесі мүшелерінің сырттай дауыс берулерінің, Директорлар кеңесі комитеттерінің, Директорлар кеңесінің осы мүшелері мүшесі болып табылатын Биржаның өзге де тұрақты жұмыс істейтін комитеттері мен комиссияларының отырыстарының 50%-дан кеміне қатысқан Директорлар кеңесінің мүшелеріне жылдық сыйлықақы төленбейді;
- егер Биржа акционерлерінің жалпы жиналысында өзгеше шешім қабылданбаса, жылдық сыйлықақы Директорлар кеңесі мүшелерінің арасында оларға есепті қаржы жылы үшін ай сайынғы сыйақылардың нақты төленген сомаларына барабар бөлінеді.

Директорлар кеңесі мүшелерінің сыйақы мөлшері туралы мәліметтер [Биржаның жылдық есебінде](#) ашып көрсетіледі.

IV. Директорлар кеңесінің комитеттері

Директорлар кеңесінің неғұрлым маңызды мәселелер бойынша шешім қабылдауы үшін ұсынымдарды алдын ала қарау және дайындау мақсатында Директорлар кеңесінің жанынан комитеттер құрылды.

Директорлар кеңесі комитеттерін қалыптастыру және олардың жұмыс істеу тәртібі, олардың міндеттері, құзыреті, құрамы, сондай-ақ Директорлар кеңесі комитеттері мүшелерінің құқықтары, міндеттері мен жауапкершілігі [Директорлар кеңесінің комитеттері туралы қағидада](#) айқындалады.

Бюджет және стратегиялық жоспарлау жөніндегі комитет

Дербес құрамы

Комитеттің негізгі мақсаты – Биржаның стратегиялық басымдықтары мен даму мақсаттарына сәйкес оның қаржы ресурстарын тиімді және ашық басқаруды қамтамасыз ету, Биржа мен KASE тобы жұмысының тиімділігін арттыру.

Комитет мүшелері – Биржаның Директорлар кеңесінің мүшелері және нақты комитетте жұмыс істеу үшін қажетті кәсіби білімі бар сарапшылар.

Комитеттің негізгі мақсаттары:

1. Қаржылық жоспарлау және бақылау

Бюджетті әзірлеу, қарау және бекіту.

Бюджеттің атқарылуына мониторинг жүргізу.

2. Стратегиялық жоспарлау

Ұзақмерзімді даму стратегиясын қалыптастыруға қатысу.

Даму стратегиясының орындалуына мониторинг жүргізу.

3. Тиімділікті талдау және бағалау

Бағдарламалар мен жобалардың іске асырылуының тиімділігін бағалау.

Деректерді талдау негізінде шешім қабылдау.

4. Комитет қызметінің мәніне жататын Биржаның ішкі құжаттарын мақұлдау

"Бағалы қағаздар нарығы туралы" Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес Биржаның ережелері.

Биржаның ішкі құжаттарына енгізілген өзгерістер және/немесе толықтыру.

Ішкі аудит жөніндегі комитет

Дербес құрамы

Комитеттің негізгі мақсаты – ішкі аудит, ішкі бақылау және тәуекелді басқару жүйесін тиімді бақылауды қамтамасыз ету, сондай-ақ ішкі аудит функцияларының тәуелсіздігі мен объективтілігіне жәрдемдесу және сыбайлас жемқорлыққа қарсы стандарттар мен санкциялық заңнаманы сақтау.

Ішкі аудит жөніндегі комитеттің құрамына Директорлар кеңесінің мүшелері ғана кіреді, олардың көпшілігі тәуелсіз директорлар.

Ішкі аудит және бақылау

Ішкі аудит және Комплаенс қызметі жоспарларын қарау және мақұлдау, кейіннен оларды Директорлар кеңесінің қарауына және бекітуіне шығару.

Ішкі аудиторлар ұсынымдарының орындалуын бақылау.

Ішкі бақылау жүйесінің тиімділігін бағалау.

Тәуекелді басқару

Операциялық, қаржылық, құқықтық, беделдік, комплаенс және өзге де тәуекелді қоса алғанда, тәуекелді басқару жүйесін бақылау.

Негізгі тәуекелдерді және оларды төмендету жөніндегі ұсыныстарды талдау.

Бухгалтерлік есеп

Есеп жүргізудің дұрыстығын, есеп саясаты мен процедураларының сақталуын бақылайды, сондай-ақ есептілікке әсер ететін өзгерістерді талдайды.

Қаржылық есептілік

Есептіліктің дайындалуын бақылайды, негізгі жорамалдар мен тәуекелдерді бағалайды, Директорлар кеңесіне шығару алдында жылдық есептілік жобасын мақұлдайды.

Мүдде қайшылығы

Мүдделердің әлеуетті және нақты қайшылығын талдайды, олардың алдын алу бойынша ұсыным әзірлейді және этика мен тәуелсіздік қағидаттарының сақталуын бақылайды.

Сыртқы аудит

Сыртқы аудиторды ұсынады, аудит қорытындысы бойынша онымен өзара іс-қимыл жасайды, қорытындыларды талдайды және анықталған кемшіліктерді жоюды бақылайды.

Директорлар кеңесінің Кадрлар, сыйақы және әлеуметтік мәселелер жөніндегі комитеті

Дербес құрамы

Комитеттің негізгі мақсаты тиімді кадр саясатын, әділ және ынталандырушы сыйақы жүйесін қамтамасыз ету, сондай-ақ іскерлік этика, орнықты даму стандарттарына сәйкестігін қадағалау, Биржаның Директорлар кеңесінің, Басқармасының мүшелерін және Директорлар кеңесіне есеп беретін өзге де жұмыскерлерді тағайындау және сыйақы беру мәселелеріне қатысты мәселелерді шешуде Биржаның Директорлар кеңесінің тиімді жұмысын қамтамасыз ету.

Кадрлар, сыйақылар және әлеуметтік мәселелер жөніндегі комитеттің құрамына Директорлар кеңесінің мүшелері ғана кіреді, Комитеттің төрағасы тәуелсіз директор болып табылады.

Кадр саясаты және тағайындау

Биржа Басқармасының құрамына және Директорлар кеңесіне есеп беретін қызметтерге кандидатураларды қарау және келісу.

Басқарудың сабақтастығын қамтамасыз ету.

Сыйақы жүйесі

Директорлар кеңесінің мүшелеріне, атқарушы органдар мен негізгі қызметкерлерге сыйақы беру қағидаттарын әзірлеу және іске асырылуын бақылау.

Ұзақ мерзімді уәждемелік бағдарламаларды қоса алғанда, еңбекақы төлеу жүйесінің бәсекеге қабілеттілігі мен әділдігін қамтамасыз ету.

Басшылықтың тиімділігін бағалау

Биржа басқармасының және Директорлар кеңесіне есеп беретін жұмыскерлердің қызметіне тұрақты бағалау жүргізу.

Сауда-саттықты ұйымдастырушының ұйымдық құрылымына және қор биржасының листинг комиссиясының құрамына қойылатын талаптарға, сондай-ақ Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі Басқармасының 2015 жылғы 19 желтоқсандағы № 249 қаулысымен бекітілген Қор биржасының сауда-сатық жүйесінде жасалатын мәмілелерді қадағалау жөніндегі қызметті жүзеге асыратын сауда-саттықты ұйымдастырушының құрылымдық бөлімшесінің қызметін жүзеге асыру қағидаларына сәйкес Биржада:

– **Листинг комиссиясы;**

– **Директорлар кеңесінің Эмитенттердің аудиті жөніндегі комитеті** жұмыс істейді.

Биржаның Директорлар кеңесі комитеттері мен комиссияларын қалыптастыру және олардың жұмыс істеу тәртібі, олардың саны, сондай-ақ олардың құзыреті, функциялары, сандық құрамы Директорлар кеңесі бекітетін Биржаның ішкі құжаттарымен регламенттеледі.

Директорлар кеңесінің шешімімен бекітілген Қаржы құралдарымен мәміле жасау барысында туындайтын дау мен қақтығысты шешу тәртібіне сәйкес **Дау мен қақтығысты шешу жөніндегі комиссия** жұмыс істейді.

Листинг комиссиясы

[Дербес құрамы](#)

Листинг комиссиясы – Биржаның тұрақты органы, оның негізгі міндеті Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес бағалы қағаздарды Биржаның ресми тізіміне енгізу, бағалы қағаздарды Биржаның ресми тізімінің бір санатынан/ алаңынан екіншісіне аудару, бағалы қағаздар делистингі мәселелерін қарау және шешім қабылдау болып табылады.

Листинг комиссиясының құрамы, Листинг комиссиясы мүшелерінің өкілеттік мерзімдері, Листинг комиссиясының функциялары және оларды жүзеге асыру тәртібі, сондай-ақ Листинг комиссиясының міндеттері [Листинг комиссиясы туралы қағидамен](#) регламенттеледі.

Директорлар кеңесінің Эмитенттер аудиті жөніндегі комитеті

[Дербес құрамы](#)

Комитет – Биржаның тұрақты органы, оның негізгі функциялары:

бағалы қағаздары Биржаның ресми тізіміне енгізілген немесе Биржаның ресми тізіміне енгізу болжанып отырған эмитенттің қаржылық есептілігін оның ХҚЕС немесе АҚШ БЕЖҚ талаптарына сәйкестігіне және осы қаржы есептілігі бойынша шығарылған аудиторлық есептің ХАС талаптарына сәйкестігіне қарау мақсатында Биржа мойындайтын аудиторлық ұйымдардың тізбесіне аудиторлық ұйымды енгізу, аудиторлық ұйымды тізбенің бір деңгейінен екіншісіне ауыстыру, сондай-ақ аудиторлық ұйымды осы тізбеден алып тастау;

бағалы қағаздары Биржаның ресми тізіміне енгізілген немесе Биржаның ресми тізіміне енгізу болжанып отырған эмитенттің қаржылық есептілігінің ХҚЕС немесе АҚШ БЕЖҚ талаптарына

сәйкестігіне және қаржылық есептілікке аудиторлық есептіліктің ХАС талаптарына сәйкестігіне қарау;

Директорлар кеңесінің Эмитенттердің аудиті жөніндегі комитетінің қызметін жүзеге асыру тәртібі ["Қазақстан қор биржасы" АҚ Директорлар кеңесінің Эмитенттердің аудиті жөніндегі комитеті туралы қағидада](#) айқындалған.

Дау мен қақтығысты шешу жөніндегі комиссия

[Дербес құрамы](#)

Биржаның ішкі құжаттарына сәйкес Биржаның мүшелері мен бақылау жүйесін пайдаланушылардың өздерінің міндеттемелерін орындамауына байланысты туындайтын дау мен қақтығысты орталық контрагенттің қызметтерін пайдаланбай сауда-саттық режимінде қаржы құралдарымен мәміле жасау барысында шешу мақсатында Директорлар кеңесінің шешімімен Дау мен қақтығысты шешу жөніндегі комиссия құрылды және жұмыс істейді.

Комиссияның негізгі құзыреті – мәмілеге қатысушылар арасындағы немесе мәмілеге қатысушы мен Биржаның арасында келіссөз жүргізу/хат алмасу жолымен реттелмеген және мәмілеге қатысушылардың қаржы құралдарымен мәміле жасау барысында Биржаның ішкі құжаттарына сәйкес өз міндеттемелерін орындамауына байланысты туындайтын дау мен қақтығысты қарау және шешу.

Дау мен қақтығысты шешу жөніндегі комиссияның құзыретін, оның қызметінің қағидаттарын, оның құрамы мен құрылу тәртібін, дау мен қақтығысты қарау және шешу тәртібін белгілеу Директорлар кеңесі бекіткен [Қаржы құралдарымен мәміле жасау барысында туындайтын дау мен қақтығысты шешу тәртібімен](#) регламенттеледі.

V. Атқарушы орган

[Дербес құрамы](#)

Басқарма – Биржаның алқалы атқарушы органы, ол "Акционерлік қоғамдар туралы" Қазақстан Республикасының заңына және Биржаның жарғысына сәйкес акционерлердің жалпы жиналысының және/немесе Биржаның Директорлар кеңесінің айрықша құзыретіне жатқызылған мәселелерді шешуді қоспағанда, Биржаның ағымдағы қызметіне басшылықты жүзеге асырады.

Басқарманың құрамына Басқарма төрағасы және Басқарма төрағасының орынбасарлары болып табылатын немесе Биржада өзге де лауазымдарды атқаратын Басқарма мүшелері кіреді.

Заңнамаға сәйкес атқарушы органның мүшелерінің іскерлік беделіне, кәсіби тәжірибесіне және біліктілігіне талаптар қойылады.

Басқарма мен Басқарма төрағасы Қазақстан Республикасының заңнамасы, [Жарғы](#) және [Басқарма туралы қағида](#) негізінде әрекет етеді.

Басқарма мен Басқарма төрағасының өкілеттіктері [Басқарма туралы қағидада](#) айқындалған.

Басқарма мен Басқарма төрағасы Директорлар кеңесіне және Акционерлердің жалпы жиналысына есеп береді. Басқарма төрағасы Акционерлердің жалпы жиналысы мен Биржаның Директорлар кеңесі шешімдерінің орындалуын ұйымдастырады.

Басқарма төрағасы Басқарманы басқарады және оның жұмысын ұйымдастырады. Басқарма төрағасы Биржаның атынан сенімхатсыз әрекет етеді, соның ішінде оның мүддесін білдіреді, өз өкілеттігі шеңберінде оның атынан мәміле жасайды.

Басқарма алқалы талқылауды талап ететін және атқарушы органның құзыретіндегі Биржаның ағымдағы қызметінің неғұрлым маңызды мәселелері бойынша шешім қабылдайды. Мұндай мәселелердің қатарына мыналар кіреді: Биржаның стратегиясы бойынша ұсыныс әзірлеу, даму стратегиясының орындалуын қамтамасыз ету, Биржаның Директорлар кеңесі бекіткен процедураларды, процестер мен саясаттарды сақтау, акционерлердің жалпы жиналысының, Директорлар кеңесінің, Ішкі аудит қызметінің ұсынымдарын, Қазақстан Республикасы уәкілетті органының талаптары мен шараларын сақтау, тәуекелді басқару және ішкі бақылау саясатын іске асыру мақсатында ішкі құжаттарды бекіту, Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерінде және Биржаның ішкі құжаттарында көзделген өзге де өкілеттіктер.

Басқарма отырыстарын шақыру және өткізу тәртібі [Биржа Басқармасы туралы қағидада](#) белгіленген.

Атқарушы орган мүшелерінің сыйақысы

Басқарма төрағасы мен Басқарма мүшелеріне төленетін лауазымдық қызметақы мен лауазымдық қызметақыға ай сайынғы үстемеақыны қамтитын жалақы мөлшерін және оларға еңбекақы төлеу мен сыйлықақы беру шарттарын анықтау Директорлар кеңесінің айрықша құзыретіне жатады.

Басқарма төрағасы мен Басқарма мүшелеріне төленетін сыйақының мөлшерін, жылдық сыйақылық сыйлықақыны қоса алғанда, сыйақы төлеу шарттары мен тәртібін, шарттарды мерзімінен бұрын бұзу талаптарын Директорлар кеңесі Директорлар кеңесінің Кадрлар, сыйақы және әлеуметтік мәселелер жөніндегі комитетінің ұсынымы негізінде қарайды және бекітеді.

Биржаның атқарушы органы мүшелерінің сыйақы мөлшері туралы мәлімет жыл сайын Биржаның қызметі туралы жылдық есепте көрсетіледі және жыл сайын есепті жылдан кейінгі жылдың 31 тамызынан кешіктірмей, жыл қорытындысы бойынша Биржаның атқарушы органы мүшелерінің сыйақысының жиынтық мөлшері туралы ақпарат түрінде қаржылық есептілік депозитарийінің интернет-ресурсында жарияланады.

VI. Корпоративтік хатшы

Биржа акционерлерінің құқықтары мен мүддесін қорғау және іске асыруды қамтамасыз ету жөніндегі іс-қимылын үйлестіру мақсатында Директорлар кеңесі Биржаның Корпоративтік хатшысын тағайындайды. Директорлар кеңесінің шешімі бойынша Биржада Биржаның Корпоративтік хатшысына жәрдемдесуді жүзеге асыратын құрылымдық бөлімше – Корпоративтік хатшы қызметі құрылды.

Корпоративтік хатшы мен Корпоративтік хатшы қызметінің жұмыскерлері Директорлар кеңесіне бағынады және Басқарма төрағасымен өзара іс-қимыл жасайды.

[Корпоративтік хатшы туралы қағида және Корпоративтік хатшы қызметі туралы қағида](#) Биржаның сайтында орналастырылған.

VI. Бақылау және аудит органдары, тәуекелді басқару

Сыртқы аудитор

Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес дайындалған бухгалтерлік (қаржылық) есептіліктің, сондай-ақ Халықаралық қаржылық есептілік стандарттарына сәйкес дайындалған қаржылық есептіліктің дұрыстығын тексеру және растау үшін Биржа шарттық негізде Биржа акционерлерінің жалпы жиналысының шешімімен анықталған және Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес аудиторлық қызметті жүзеге асыратын аудиторлық ұйымды жұмысқа тартады.

Биржа алдын ала аудиторды таңдау бойынша сатып алу процедурасын жүргізеді, Директорлар кеңесінің ұсынымын ескере отырып, үш жылда бір рет KASE тобы ірі халықаралық аудиторлық компаниялар ішінен аудитордың кандидатурасын іріктеп алады. Акционерлердің жалпы жиналысының бекітуіне шығарар алдында тәуелсіз аудитордың кандидатурасын Директорлар кеңесінің Ішкі аудит жөніндегі комитеті мен Биржаның Директорлар кеңесі алдын ала қарайды. Акционерлердің жалпы жиналысы жыл сайын өз шешімімен Биржаның Директорлар кеңесінің ұсынымы негізінде аудиторлық ұйымды анықтайды.

Ішкі бақылау және аудит органдары, тәуекелді басқару

Ішкі бақылау – бұл операциялық қызметке, есептіліктің дұрыстығына қатысты белгіленген міндеттерге қол жеткізуді, сондай-ақ Қазақстан Республикасы заңнамасының, оның ішінде уәкілетті орган актілерінің талаптарын сақтауды қамтамасыз ету мақсатында Биржа (оның басқару органдары, құрылымдық бөлімшелері және жұмыскерлері арқылы) жүзеге асыратын қызмет.

Ішкі бақылау жүйесі ұйымдастырушылық іс-шаралардың, саясаттардың, процедуралардың, корпоративтік басқару және этика қағидаттарының, сондай-ақ Биржаның тұрақты жұмыс істеуі мен дамуын қамтамасыз етуге бағытталған өзге де тетіктердің жиынтығын білдіреді. Мұндай жүйе тәуекелді анықтау, бағалау және басқару, қаржылық тұрақтылықты, активтердің сақталуын қамтамасыз ету, бухгалтерлік есепті тиісінше жүргізу, ҚР заңнамасының, Биржаның жарғысының және ішкі құжаттарының талаптарына сәйкес қаржылық және өзге де есептілікті уақытылы және дұрыс жасау үшін қызмет етеді.

Қазақстан Республикасында қолданылатын халықаралық стандарттар мен тәсілдерге сәйкес Биржада ішкі бақылау жүйесін ұйымдастыру тәуекелді тиімді басқаруды және қоғам қызметін бақылауды қамтамасыз ете отырып, **қорғаудың үш желісі** қағидаты бойынша жүзеге асырылады.

Қорғаудың бірінші желісі – ағымдағы бизнес-процестерді іске асыруға тікелей қатысатын Биржаның бизнес-бөлімшелері мен операциялық қызметтерінің жұмыскерлері. Оларға операциялық

тәуекелді бастапқы анықтау, бағалау және басқару, сондай-ақ бизнес-процестердің тиісінше жұмыс істеуіне және ішкі стандарттардың сақталуына бағытталған ішкі саясатты, процедуралар мен регламенттерді әзірлеу және енгізу үшін жауапкершілік жүктелген.

Қорғаудың екінші желісі тәуекелді басқару, ішкі бақылау, комплаенс, қаржылық мониторинг, құқықтық сүйемелдеу, салық және кадр мәселелерін бақылау жөніндегі функцияларды жүзеге асыратын мамандандырылған құрылымдық бөлімшелерді қамтиды. Бұл бөлімшелер әдіснамалық қолдауды, бақылау процедураларының орындалуына тұрақты мониторинг жүргізуді, қызметтің Қазақстан Республикасы заңнамасының және ішкі нормативтік құжаттардың талаптарына сәйкестігін қамтамасыз етеді, сондай-ақ жүргізілген мониторинг нәтижесі бойынша басқару органдары үшін есептілікті қалыптастырады.

Комплаенс қызметі – екінші қорғау желісінің негізгі элементі, ол Директорлар кеңесіне есеп береді және Биржада комплаенс-бақылау жүйесінің жұмыс істеуін қамтамасыз етеді. Комплаенс қызметінің басшысы мен оның жұмыскерлерін Директорлар кеңесінің Ішкі аудит жөніндегі комитетінің алдын ала мақұлдауымен Директорлар кеңесі қызметке тағайындайды және қызметтен босатады.

Комплаенс қызметінің негізгі міндеттері сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы заңнаманы, Биржаның ішкі құжаттарын, сондай-ақ Биржаның қызметіне ықпал ететін шет мемлекеттердің заңнамасын қоса алғанда, Биржа қызметінің Қазақстан Республикасы заңнамасының талаптарына сәйкестігін қамтамасыз ету үшін құқықтық комплаенс-бақылау және ішкі бақылауды ұйымдастыру болып табылады.

Қызмет сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңнаманың және халықаралық экономикалық санкциялардың сақталуын бақылауды, сондай-ақ оларды барынша азайту жөніндегі шаралардың іске асырылуына мониторинг жүргізуді қоса алғанда, комплаенс-тәуекелді анықтауды, бағалауды және басқаруды қамтамасыз етеді. Ол комплаенс-бақылау бойынша ішкі құжаттарды әзірлейді және өзектендіреді, Биржаның негізгі қызметі бойынша құжаттардың жобаларына комплаенс-сараптама жасайды, жұмыскерлерді оқытуды ұйымдастырады, клиенттердің тәуекелдің болуына шағымдары мен өтініштерін бақылайды және комплаенс-тәуекелді тиімді басқару үшін ұсынымдармен бірге есептілікті қалыптастырады.

Қорғаудың үшінші желісі – "Акционерлік қоғамдар туралы" ҚР Заңымен және Биржаның ішкі құжаттарымен қызметі реттелетін тәуелсіз бөлімше, **Ішкі аудит қызметі**. Ішкі аудит қызметі ішкі бақылау жүйесінің, сондай-ақ қорғаудың бірінші және екінші желісі шеңберінде іске асырылатын процестердің тиімділігін тәуелсіз бағалауды жүзеге асырады. Ішкі аудит өз қызметінің нәтижесі бойынша басқару органдарына ішкі бақылау және тәуекелді басқару жүйесінің сенімділік дәрежесі туралы объективті және шынайы ақпарат, сондай-ақ оны жетілдіру жөнінен ұсынымдар береді.

Ішкі аудит қызметі туралы қағиданы, Ішкі аудитті ұйымдастыру және жүзеге асыру тәртібін белгілейтін Ішкі аудитті жүзеге асыру ережелерін, сондай-ақ Ішкі аудит қызметінің іс-қимыл жоспарлары мен есептерін Директорлар кеңесінің Ішкі аудит жөніндегі комитеті алдын ала қарайды және мақұлдайды, Директорлар кеңесі бекітеді.

Ішкі аудит қызметінің басшысы мен оның жұмыскерлерін қызметке тағайындауды және қызметтен босатуды Директорлар кеңесінің Ішкі аудит жөніндегі комитетінің алдын ала мақұлдауымен Директорлар кеңесі жүзеге асырады.

VII. Ақпаратты ашып көрсету

Биржа өз қызметінің негізгі нәтижелері, жоспарлары мен перспективалары туралы ақпаратты ашып көрсетеді. Ақпаратты Биржа екі топқа бөледі: Қазақстан Республикасы заңнамасының талаптарына сәйкес ашып көрсетілетін ақпарат (өз қызметіндегі елеулі корпоративтік оқиғалар туралы, сауда-саттықты ұйымдастырушы ретінде ақпарат) және Биржаға оның акционерлері мен қаржы нарығының басқа да субъектілері тарапынан сенімді нығайту мақсатында өз қалауы бойынша ерікті түрде ашып көрсетілетін ақпарат.

Міндетті түрде ашып көрсетілуге тиіс ақпарат

- бағалы қағаздардың эмитенті ретінде елеулі фактілер, тоқсан сайынғы есеп, жылдық есеп, шоғырландырылған қаржылық есептілік, жарғы және органдардың қызметін реттейтін ішкі құжаттар; бағалы қағаздар нарығы туралы заңнамада жария етілуге тиіс деп көрсетілген өзге де ақпарат ашып көрсетіледі;

- сауда-саттықты ұйымдастырушы ретінде алған лицензиялары туралы мәлімет, сауда-саттықты ұйымдастырушының ережелері, сондай-ақ қаржы нарығының субъектілері үшін өзге де елеулі ақпарат пен құжат ашып көрсетіледі.

Биржаның қалауы бойынша ашып көрсетілетін ақпарат

- стратегиясы, миссиясы, корпоративтік құндылықтары мен міндеттері туралы мәлімет;
- Биржаның елеулі корпоративтік оқиғалары бойынша баспасөз хабарламалары;
- Акционерлердің жалпы жиналысына дайындық кезінде акционерлерге берілетін ақпарат;
- жылдық есепке енгізілетін (Биржа және оның қызметінің нәтижелері туралы, корпоративтік басқару туралы) қосымша ақпарат;
- Биржа нарықтың кәсіби қатысушылары үшін өткізген іс-шаралар бойынша қорытындылар мен материалдар;
- Биржа қызметінің барлық мәселесі және ол көрсететін қызметтер бойынша жүгінуге/кеңес алуға арналған байланыс ақпараты.